## Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 4 тамыздағы № 264 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 тамызда № 3996 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 26.01.2015 № 10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 26.01.2015 № 10 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42 бабына сәйкес, Мәртөк ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлері, қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Күзембаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудан әкімі* | *М. Елеусізов* |
| | Мәртөк ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 04 тамыздағы № 264 қаулысына қосымша |

## Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлері

1. Тұрмыстық қалдықтарды жинау;
2. Аумақты мұздан тазалау;
3. Аумақты қардан тазалау;
4. Аумақты қоқыстан тазалау;
5. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазалау;
6. Аумақты арамшөптен тазалау;
7. Қоқысты жинау және шығару;

8. Бұтақтарды кесу;
9. Ағаштарды кесу;
10. Ағаштарды әктеу;
11. Ағаштарды отырғызу;
12. Шөп шабу;
13. Ғимараттарды әктеу;
14. Ғимараттарды бояу және өзге де жөндеу жұмыстары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК